



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 13 маусым

2017 жылғы мамырдағы инфляциялық процестер және инфляциялық күтулер туралы

Мамырда 2017 жылғы айлық инфляция деңгейі алдыңғы айдың, сол сияқты өткен жылдың мамырындағы деңгейде – 0,5% қалды. Ағымдағы жылдың басынан бастап инфляция 3,3% болды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңінің көрсеткішінен (2016 жылғы қаңтар-мамырда 4,2%) айтарлықтай төмен. Қазақстан Республикасында жылдық инфляция мамырда 7,5% (2016 жылдың соңында 8,5%) болды және Ұлттық Банктің 2017 жылға арналған нысаналы дәлізінің шегінде (6-8%) болуын жалғастыруда.

Мамырда базалық инфляция¹ көрсеткіштерінің жылдық көрсетуде 6,9%-ға (2016 жылдың соңында – 8,9%) дейін төмендеуі жалғасты, бұл жылдық инфляция серпініндегі төмендеу бағытының сақталғанын растайды.

Мамырда халыққа инфляциялық процестерді бағалау бойынша жүргізілген пікіртерім инфляциялық күтулердің тұрақтанғанын растап отыр.

Халық бағалайтын бағаның өсуі соңғы 12 айда тұрақты деңгейде, ал өткен айда шамалы төмендеді. Халықтың пікірінше, бағаның өсуіне азық-түлік тауарларының қымбаттауы ықпал етеді.

Соңғы жылы бағаның өсуін 10%-дан жоғары деп бағалағандардың үлесі төмендеп, инфляцияны 10%-дан аз бағалайтындардың үлесі өсуде. Осылайша, қабылданатын инфляция, яғни адамдардың бағаны өсуін сезінуі туралы субъективті пікірі төмендеуін жалғастыруда.


Мамырда келесі айдағы және келесі 12 айдағы бағаның өсуі бойынша күтулер іс жүзінде өзгерген жоқ. Бұл ретте бағаның 10%-дан кем болашақ өсуін бағалайтын респонденттер үлесінің біртіндеп өсуі сақталып отыр, ал бағаның өсуіне барынша жоғары баға беретіндердің үлесі төмендеуде. Респонденттердің жауаптарын бөлудегі шамалы ауытқулар пікіртерімінің жалпы нәтижелеріне айтарлықтай әсер етпейді.

Осылайша, 2017 жылғы мамырда «Сіздің пікіріңізше тұтастай алғанда келесі 12 айда баға қалай өзгереді?» деген сұраққа жауаптардың деректері бойынша есептелетін, инфляцияның бір жыл бұрын сандық бағалануы 6,1% (ағымдағы жылы 5,9-6,6% шегінде)

¹ жемістер мен көкөністер, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, темір жол көлігі, байланыс, бензин, дизель отыны және көмір бағасын есептегенде


болды. Бұл бағалау күтілетін инфляцияның 2018 жылға арналған нысаналы дәлізіне (5-7%) біртіндеп келуі туралы куәландырады.

Инфляция және базалық инфляция



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz